

ҚОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы: «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры.

Гранттың тақырыбы: «Туған жер» патриоттық шығармашылығын дамыту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру».

Грант сомасы: 11 656 000 (он бір миллион алты жүз елу алты мың) теңге

1. Әлеуметік жоба аясындағы іс-шараларды сипаттаңыз *(грант шартына №3 қосымшаның іс-шараларын сипаттау тармағына сәйкес (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, қорытынды есептілікті ұсыну сәтінде орындалған аралық есепте көрсетілмеген іс-шаралар бойынша сипатталған). Егер іс-шара аралық есепте толық көрсетілмеген болса, онда оны төменде сипаттау қажет.)*

1 міндет. Отанының, өз жерінің, елінің даңқын көтерген, жастар шығармашылығының әртүрлі бағытындағы жас, талантты авторларды анықтау.

Республикалық «Туған жер» патриоттық шығармашылық байқау ұйымдастырылды. Шығармашылық жұмыстарды қабылдау 30-шілде мен 30-қыркүйек аралығында жүргізілді. Бірақ қатысушылардың өтінішіне орай шығармаларды қабылдау қазан айының 15-не дейін созылды. Бастапқыда шығармашылық жұмыстар 4 номинация («Үздік мақала», «Үздік поэзия», «Үздік бейнелеу өнері», «Үздік өнертабыс») бойынша қабылданатын болған. Кейіннен Тапсырыс берушімен ақылдаса келе тағы екі номинация («Үздік бейнеролик», «Үздік дәстүрлі ән орындаушысы») қосылды. «Үздік мақала», «Үздік поэзия», «Үздік бейнелеу өнері», «Үздік өнертабыс», «Үздік бейнеролик», «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациялары бойынша республикалық байқау жарияланды. Байқауға қабылданған барлық шығармалар «Адырна» ұлттық порталында (adyrna.kz) жарияланып отырды. Байқауға Қазақстанның барлық өңірінен (14 облыстан, 3 қаладан) 14 пен 29 жас аралығында жастар қатысты. «Үздік мақала» номинациясы бойынша 289, «Үздік поэзия» номинациясы бойынша 181, «Үздік бейнеролик» номинациясы бойынша 49, «Үздік бейнелеу өнері» номинациясы бойынша 146, «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациясы бойынша 31, «Үздік өнертабыс» номинациясы бойынша 22 жұмыс келіп түсті. Аталған номинациялар бойынша жалпы 20 әділқазы бекітілді. Қараша айының 11-күні барлық жеңімпаздардың есімі анықталды. «Үздік поэзия» номинациясы бойынша:

I орын: Мұхаммед Қонқаев, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы;

II орын: Асхат Аймағанбетов, Ақтөбе облысы, Алға ауданы;

III орын: Ғайникен Райымбекова, Тараз қаласы.

Ынталандыру:

1. Асқар Бердібек, Шымкент қаласы;
2. Жасұлан Серік, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы;
3. Құндыз Жасталапова, БҚО, Орал қаласы;
4. Бауыржан Әліқожа, Түркістан облысы.

«Үздік мақала» номинациясы бойынша:

I орын: Айзат Жолдасова, Астана қаласы;

II орын: Марат Қаниев, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы;

III орын: Жанель Шайық, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті.

Ынталандыру:

1. Аяулым Сағындықова, Алматы қаласы;
2. Нұржігіт Әлиханұлы, Қызылорда қаласы;
3. Райымбек Анатолий, БҚО Сырым ауданы, Бұлдырты ауылы;
4. Қарлығаш Әдеп, Алматы қаласы.

«Үздік бейнелеу өнері» номинациясы бойынша:

I орын: Диана Шайхеслямова, Жамбыл облысы, Тараз қаласы;

II орын: Жарқын Тастанбек, Нұр-Сұлтан қаласы;

III орын: Игорь Лебедев, Тараз қаласы, Мыңбұлақ.

Ынталандыру:

1. Амир Валишанов, Талдықорған қаласы, Қаратал 47;
2. Анель Сағымбай, Талдықорған қаласы, Қаратал 47;
3. Темирлан Орумбаев, Талдықорған қаласы, Қаратал 47.

«Үздік өнертабыс» номинациясы бойынша:

I орын: Бауыржан Жалел, Алматы қаласы;

II орын: Ерасыл Маратов, Шымкент қаласы;

III орын: Алихан Жұмабаев, Қарағанды қаласы.

Ынталандыру:

1. Тілек Дауытбеков, ШҚО, Глубокое кенті;
2. Асемай Боранбаева – 9 сынып, «Ақтөбе орта мектебі» КММ;
3. Ерлан Дәріпбаев – Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудакент ауылы.

«Үздік бейнеролик» номинациясы бойынша:

I орын: Шұғыла Малаева, Тараз қаласы;

II орын: Асқар Нұрмаханбетов, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Өгем өлкесі;

III орын: Бақытнұр Айтмұхамбет, Түркістан қаласы.

Ынталандыру:

1. Амир Карашев, Тараз қаласы;
2. Арсен Жаньяров, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы;
3. Маржан Белгібаева, Алматы облысы, Ақсу өңірі. Суықсай ауылы;
4. Ильяс Серікбай, Қызылорда қаласы, Наурыз шағын ауданы, Бектібай Бекбаев көшесі;
5. Ануар Отыншин, Астана қ., пр. Кабанбай батыра;

«Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациясы бойынша:

I орын: Еркеназ Сауранбек, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы;

II орын: Алдияр Нұралин, Алматы облысы, Алматы қаласы, Ақсай ықшам ауданы;

III орын: Үшінші орын екеу: Даниил Шин, Алматы қаласы және Дарын Аманкелді.

Ынталандыру:

1. Ақжан Тазабек, Балалар өнер мектебі, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы;
2. Бақыт Құлтас, Балалар өнер мектебі, Жамбыл облысы, Қаратау қаласы;
3. Әзімхан Баймағанбет, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы.

Шығармашылық байқаудан үздік орын алғандар қорытынды республикалық фестивальға шақырылып, сол жерде алғыс хаттармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Бұл жөнінде әлеуметтік желілерде, интернет ресурстарында жарияланды.

2 іс-шара. Қазақстан Халқы Ассамблеясы арқылы өзге ұлт өкілдері арасында «Туған жерім – Қазақстаным» атты поэзиялық байқау ұйымдастырылды. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Ақмола облыстарындағы өзге ұлт өкілдерінің жастары арасында Қазақстан Халқы Ассамблеясы арқылы ұйымдастырылған поэзиялық байқауға 14 пен 29 жас аралығындағы жергілікті әртүрлі ұлт өкілдері қатысты.

Алғашқы байқау 4-қараша күні Қостанай облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесіп, өзге ұлт өкілдері арасында ұйымдастырылды. 20-ға жуық өзге ұлт өкілдері қатысып, олардың басым бөлігі орыс ұлты болса, өзгелері армян, әзірбайжан, молдаван, кәріс және тағы басқа ұлт өкілдері өнер көрсетті. Қазылар алқасы болып профессор, философия ғылымдарының кандидаты, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Жақып Қалқаман Хасенұлы, облыстық «Қостанай таңы» газетінің тілшісі Досжанова Қымбат Мұратбекқызы, Қостанай облысы әкімдігінің «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Тыныштықова Баян Талғатқызы тағайындалды. Жергілікті әр түрлі этнос өкілдері қазақ тілін меңгергендерін дәлелдеп, көпшілік ортада өнер көрсетті. Байқау қорытындысы бойынша 1-орынды Қостанай облысы, Майкөл орта мектебінен келген Тамара Мнацаканян, 2-орынды Қостанай қаласынан келген Анель Пимичева, 3-орынды Қостанай облысы, Қарабалық ауданынан Кравцова Мария иеленді. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды.

Қарашаның 6-күні жалғасын тапқан байқау Ақмола облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесіп ұйымдастырылды. Қатысушылар Ақмола облысының түкпір-түкпірінен және Көкшетау қаласынан арнайы келіп бәсекеге түсті. 20-дан астам қатысушы бақ сынады. Сәкен Сейфуллин, Қасым Аманжоловтардан бастап бүгінгі Маралтай, Қалқамандарға дейінгі көптеген ақындардың шоқтықты шығармалары оқылды. Жастар бір-бірінен асып түсуге тырысып, өнерлерін ортаға салды. Біржан сал атындағы музыкалық колледждің студенттері халық әндері мен күйлерін орындап, көрермен қауымды ұлттық музыка жауһарларымен сусындатты. Әдебиет зерттеушісі, ақын Ерболат Баятұлы, облыстық "Арқа ажары" басылымының журналисті Асылай Айжарихова, Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжінің оқытушысы Талшын Молдағали тәрізді кәсіби мамандар қазылар алқасының құрамында төрелік жасады. Байқау нәтижесінде Соколова Анжелика 1-орын, Бабенко Анастасия 2-орын, Смирнова Татьяна 3-орын иегері атанды. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен, дипломдармен марапатталды. Іс-шараға қолдау көрсеткен Ақмола облыстық Ішкі саясат басқармасына, Біржан сал атындағы музыкалық колледж директоры Саян Мұхамедиярға, өңірлік БАҚ өкілдеріне, қазылар алқасына алғыс айтылды.

Қостанай, Ақмола облыстарында бастау алған "Туған жерім – Қазақстаным" атты поэзиялық байқау Солтүстік Қазақстан облысында 10-қараша күні өз жалғасын тапты. Аймақтық ұйымдастырушылардың белсенділігі бірінен бірі асып түсіп, іс-шаралар барған сайын мәнді де, мазмұнды, сән-салтанаты да жоғары деңгейге көтеріле түскендей. Қызылжар қаласындағы Достық үйінде «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» мен Қазақстан халқы ассамблеясының Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесі бірлесе отырып жоғарыда аталған байқауды жоғары деңгейде жүзеге асырды. Байқауға орыс, поляк, украин, неміс, түрік, армян және тағы басқа ұлт өкілдері қатысты. 13 жас қатысушы байқауда бақ сынап, үздік шығуға барын салып патриоттық шығармаларды оқыды. Онда Абай Құнанбайұлының, Мағжан Жұмабайдың, Сәкен Сейфуллиннің, Қасым Аманжолдың, Фариза Оңғарсынның және тағы басқа қазақтың көрнекті ақындарының өлеңдері оқылды. Тіпті сахналық қойылыммен өлең оқыған жастар да кездесті. Арнайы видео-ролик жасап, фонға музыка қамдап, қазақ батырының, ханшайымның киімін киіп ерекше дайындалған. Оған қоса, үлкен зал кісілерге лық толып, қатысушыларға барынша қошемет көрсетіп, белсенділік танытып, шабыттандыра түсті. Солтүстік Қазақстандағы аймақтық ұйымдастырушыларымыз Мария Петрқызы мен Динара Балғабайқызына, өңірлік БАҚ өкілдеріне алғыс айтылды.

Қараша айының 12-күні «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» мен Павлодар облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Туған жерім – Қазақстаным» атты поэзиялық шығармаларды көркемсөз оқу бойынша байқауы өтті. Байқаудың негізгі мақсаты – Қазақстандағы этнос өкілдерін еліміздің патриоты болуға баулу. Қатысушылар қазақ ақындарының ел мен жер, Отан тақырыбындағы патриоттық өлеңдерін мәнерлеп оқып, өзара бәсекеге түсті. Байқау қорытындысы бойынша, 1 орын - Семенова Александраға, 2 орын - Онянов Тимурға, 3 орын - Сейсекина Валерияға бұйырды. Жеңімпаздар ақшалай сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды. Павлодар облысындағы ұйымдастырушымыз Ақертіс Солтанбаевқа, оның көмекшісі Маржан Теміроваға, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры Серік Елікбай бастаған қазылар алқасына, өңірлік БАҚ өкілдеріне алғыс айтылды.

4 облыста өткен байқау жөнінде әлеуметтік желіде, интернет ресурстарында ақпараттар жарияланды.

3 іс-шара. Жастардың шығармашылығына арналған «Туған жер» патриоттық қорытынды шығармашылық республикалық фестивальді өткізуге «Туған жер» шығармашылық байқауы мен «Туған жерім – Қазақстаным» поэзиялық байқауының жеңімпаздары шақырылды. Фестиваль Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театрында қараша айының 25-де өткізілді. «Туған жерім – Қазақстаным» поэзиялық байқауының жеңімпаздарына шақырту жіберілгенімен, түрлі себептермен фестивальге қатыса алмайтындықтарын білдірді. «Туған жер»

республикалық байқауы бойынша жеңімпаз атанған қатысушылар келіп, «Үздік мақала», «Үздік поэзия», «Үздік бейнелеу өнері», «Үздік өнертабыс», «Үздік бейнеролик», «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациялары бойынша арнайы ақшалай сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды. Аталған шара аясында жастарды белгілі ақын-жазушылармен жақындастыру жұмыстары жүргізілді және сол арқылы оларға кәсіби мотивация берілді. Ерлан Төлеутай, Ақберен Елгезек, Дәурен Дариябек, Гүлбахрам Жүніс, Жәнібек Көркембай, Алмас Серікұлы сынды ұлт жанашырлары қатысып, жастармен өзара сұхбат жүргізді. Үздік шығармалар іріктелініп, арнайы жинақ шығарылды. Үздік деп танылған, атап айтар болсақ, Мұхаммед Қонқаев, Асхат Айтмаханбетов, Ғайникен Раймбекова, Айзат Жолдасова, Марат Қаниев, Жанель Шайық, Жасталапова Құндыз, Бердібек Асқар, Серік Жасұлан, Рәш Мөлдір, Тілеухан Дәурен, Ахмет Жанерке, Әдеп Қарлығаш, Достиярова Айкенже, Тілдан Мадина, Мәди Ғазиза, Нусупова Перизат, Нұржігіт Әлиханұлы, Анатолий Райымбек, Сағындықова Аяулым секілді қатысушылар жинаққа енді.

4 іс-шара. «Туған жерге туыңды тік» атты дөңгелек үстел өтті. Еуразия инновациялық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы Тәуке Алтынбеков, Қазақстан Қарулы күштерінің ардагері, толыстағы полковник, құқықтық педагогика ғылымдарының магистры Мұхамеджан Әбдібеков, айтыскер ақын Шұғайып Сезімхан, әлеуметтік ғылымдар магистры, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ оқытушысы Нұрлан Наурызәлиев, журналист Оңғар Қабден сынды белгілі адамдар қатысты. Дөңгелек үстелде жобаның барлық нәтижесі талқыланып, өткен жоба туралы жарияланды. Сонымен қатар, туған жердің қадір-қасиеті, құндылығы, қаншалықты маңызды екендігі жөнінде белгілі қайраткерлер сөз қозғады.

2 міндет.

Семинар, тренинг, дөңгелек үстел, форум және т. б. сияқты оқыту және ақпараттық-насихаттау іс-шараларын сипаттау кезінде кестені толтыра отырып, қатысушылар туралы мәліметтерді көрсетіңіз:

№	Іс-шараның атауы	Өткізілетін күні	Өткізілетін орны (қала/ауыл)	Қатысушылар саны	Қатысушылардың санаттары	Тартылған сарапшылар	Жоспарланған іс-шаралардың орындалу толықтығы	Растайтын құжаттары бар №____ қосымша
---	------------------	------------------	------------------------------	------------------	--------------------------	----------------------	---	---------------------------------------

			мекенжайы)					
1.	Республикалық «Туған жер» шығармашылық байқауы.	Шілде-тамыз айлары	Еліміздің 14 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жастары қатысты.	718	Жастар	Ақындар, жазушылар, өнертанушылар, суретшілер, дәстүрлі әншілер, режиссерлер	100%	№1 қосымша
2.	Қазақстан Халқы Ассамблеясы арқылы өзге ұлт өкілдері арасында «Туған жерім— Қазақстаным» атты поэзиялық	2019 жылдың қараша айы	Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай және Ақмола облыстарының 14 пен 29 жас аралығындағы	Кемі 50	Жастар	Ақындар, жазушылар, тілшілер	100%	№2 қосымша

	байқау.		жергілікті ұлт өкілдері					
3.	Жастардың шығармашы лығына арналған «Туған жер» патриоттық қорытынды шығармашы лық республикал ық фестиваль	2019 жылдың қараша айы	Алматы қаласы, Мемлекетт ік қуыршақ театры	50	Жастар	Ақындар, жазушылар, өнертанушыла р, суретшілер, дәстүрлі әншілер, режиссерлер, журналистер	100%	№3 қосымша
4.	«Туған жерге туынды тік» атты дөңгелек үстел	2019 жылдың қараша айы	Алматы қаласы, А.Чехов атындағы кітапхана	40	Жастар	Тарихшылар, ғалымдар, кәсіпкерлер, айтыскер ақындар, журналистер	100%	№4 қосымша
5.	Ақпараттық	2019	Еліміздің					

	насихат жұмыстары.	жылдың сәуір-қараша айлары.	14 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары	Кемі 30 000	Интернет-ресурстардың оқырмандары	Редакторлар	100%	№5 қосымша
6.	Медиалық жұмыстар.	2019 жылдың сәуір-қараша айлары.	Еліміздің 14 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалалары	Кемі 30 000	Интернет-ресурстардың оқырмандары	Редакторлар	100%	№6 қосымша

Кестені толтырыңыз және жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігін сипаттаңыз

Жобаның мақсаты:		Жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру, туған жерге деген патриоттық сезімін күшейту.		
Жобаның ұзақ мерзімді нәтижесі:		Жобаға қатысушылар кәсіби мамандардың сын-ескертпелерімен жұмыс жасап, біліктілігін арттырды. Жас мамандар мен кәсіпкерлер туған жеріне пайда келтірудің тың жолдарын қазірден бастап ойластыра бастады.		
Міндет	Міндеттің	Зерттеу нәтижелері	Қысқа мерзімді қол	Индикаторлар

	аясындағы іс-шаралар	бойынша алынған өнімдер (іс-шараларға)	жеткізілген нәтижелер (міндеттерге)	жоспар	іс жүзінде
Жастарды туған жерінің патриоты болуға бағыттау	Еліміздің 14 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында «Туған жер» патриоттық шығармашылығын өткізу»	Баннер, алғыс хаттар, сертификаттар, суреттер, т.б.	Байқауға қатысушылар кәсіби мамандардың ақыл кеңестерін алды.	Өнімдерге индикаторлар Қатысушылардың 90 пайызы шығармашылығына сын көзбен қарай бастайды Нәтижелерге индикаторлар Қатысушылардың 90 пайыздан астамы ізденісін арттырады.	Өнімдерге индикаторлар Қатысушылардың 90 пайызы шығармашылығына сын көзбен қарай бастады Нәтижелерге индикаторлар Қатысушылардың 90 пайыздан астамы ізденісін арттырды.

Ауылдардағы (шалғай елді-мекендерде) білікті жас мамандарды және өз ауылының көркейуіне үлес қосып жатқан кәсіпкерлерді БАҚ арқылы насихаттау	Аймақтардағы елді-мекендердің жас мамандарымен кездесіп, оларды насихаттау	Баннер, алғыс хаттар, сертификаттар, суреттер, т.б.	Жас мамандар мен кәсіпкерлер өзгелерге үлгі болды	Қатысушылардың 90 пайыздан астамы әріптестеріне үлгі болады.	Қатысушылардың 90 пайыздан астамы ізденісін арттыра түсті.
---	--	---	---	--	--

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАНЫҢ ЖАЛПЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ		
Индикатор	Жоспар	Іс жүзінде
әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде қамтылған халық саны	580	580
жобаның жағдайға оң әсерін белгілейтін тікелей бенефициарлардың саны	30	30
мемлекеттік емес секторды білдіретін әлеуметтік жобаны іске асыруға тартылған серіктестердің саны (бар болса)	20	20

Жоспардан жоба бойынша ауытқу негіздемесін сипаттаңыз: жоспарда көрсетілген сайттарға жариялану тиіс мақалалардың мерзімі өзгеруі, кейбір мақалалардың басқа сайтта жариялануы;

2. Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Жас мамандар мен кәсіпкерлердің игі істері замандастарға үлгі болды, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген құрметі артты, жастардың шығармашылық деңгейі жоғарылай бастады.

3. Әлеуметтік жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе ішінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жоба аяқталған сәттегі жағдайды және жобалық жағдайға дейін салыстыру, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесі):

Қостанай облыстық Қазақстан халқы ассамблеясында өзге ұлт өкілдері арасында «Туған жерім — Қазақстаным» атты поэзиялық байқау өтті. Осы байқаудың қатысушысы Анель Пимечева өзінің қазақ тілін одан әрі меңгере түскендігіне ерекше қуанышты екенін білдірді. Байқауға қатысқандығының өзі бір жетістік деп санайтынын айтты. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңін оқыған қатысушы бұл өлеңнің ерекше әсерлі екендігімен ой бөлісті.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бойынша статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну сәтінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылар саны, барлығы	Ерлер	Әйелдер
580	300	280

Санаттар бойынша әлеуметтік мәртебе:

Жабаға қатысушылар саны, барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек-балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	Мүгедектер	Үлкен жастағы адамдар (50 жастан бастап одан жоғары, о.і.)	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектордың өкілдері	Басқа санаттар
580	40 (10)	360	20	20	10	30	25	25	30	20

Жас көрсеткіштері:

Жабаға қатысушылар саны, барлығы	13- 16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
	200	100	100	50	50	50	30

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- көрсетілген нысаналы топтармен әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алынған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық жылжуларды сипаттай отырып)): «Туған жер» байқауына «Үздік мақала» номинациясына – 289, «Үздік поэзия» номинациясына – 181, «Үздік бейнеролик» номинациясына – 49, «Үздік бейнелеу өнері» номинациясына – 146, «Үздік дәстүрлі музыка орындаушысы» номинациясына – 31, «Үздік өнертабыс» номинациясына – 22 өтінім келіп түсті. «Туған жерім – Қазақстаным» байқауына 50-ден астам сұраныс қбылданды.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін мәселеге жобаның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістердің негіздемесі):* Жобаны іске асыру барысында ұйымдастырылған шараларға Алматы қаласындағы колледж, университет басшылары жіберілген ақпараттық хатты қолдап, барынша көмек көрсетті. Сонымен қатар, Рамазан Стамғазы, Ерлан Төлеутай, Амангелді Күзебаев сынды дәстүрлі әншілер, «Алатау серілері», «Арқайым» тобының әншілері, Хангелді Әбжанов, Амангелді Мектептегі, Дидар Амантай, Ақберен Елгезек сынды тарихшы, ақын, жазушылар өз көмектерін көрсетті.
- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы* жастардың шығармашылығын арттыру, патриоттық сезімін нығайту, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне құрметін жоғарылату;

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруда қолдау көрсеткен әріптестердің (егер бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарланып отыр?

Әлеуметтік жобаны жүзеге асыру барысында аймақтардағы жергілікті ЖОО мен белсенді азаматтары өз көмектерін көрсетті. Атап айтқанда, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Көкшетау қалаларында өткен «Туған жерім— Қазақстаным» байқауында осы қалалардағыоқу орындары мен Қазақстан Халқы Ассамблеясы өкілдері шаралардың жоғары дәрежеде өтуіне ат салысты. Сонымен қатар, аймақтардағы БАҚ өкілдері— «Қостанай таңы» телеарнасы, «Арқа ажары» газеті, «Ертіс» телеарнасы, т.б. байқаудың насихатталуына мол үлес қосты. «Туған жер» патриоттық шығармашылық байқауының қорытынды фестиваліне Алматы қаласындағы Мемлекеттік Қуыршақ театры, сонымен қатар, «Алатау серілері», «Арқайым» тобы әншілері, Ерлан Төлеутай, Рамазан Стамғазы, Амангелді Күзебаев сынды дәстүрлі әншілер, ақын Ақберен Елгезек, жазушы Дидар Амантай, тарихшы Амангелді Мектептегі сынды зиялы қауым өкілдері өз көмектерін аямады. Фестиваль қорытындысы жөнінде «Қазақстан ұлттық телеарнасында» көрсетіліп, арнайы сайтта жарияланды.

Осы әлеуметтік жобаның жалғасы болуы мүмкін болашақ әлеуметтік жобалар тақырыптарына ұсыныстар:

№	Жобаның	Орындылығын негіздеу	Мақсаты	Міндеттері	Қысқаша	Қажетті	Іске асыру орны	Күтілетін
---	---------	----------------------	---------	------------	---------	---------	-----------------	-----------

	атауы	(проблеманы сипаттау)			сипаттамасы (жобаның негізгі бағыттары)	сома	(жобаның географиясы)	нәтижелер
(Сіз ұсынған грант тақырыбына сәйкес келетін грантты ұсыну бағытын таңдаңыз) 1) білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу; 2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау; 3) қоршаған ортаны қорғау; 4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау; 5) демография проблемаларын шешу; 6) гендерлік проблемаларды шешу; 7) халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобын қолдау; 8) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек; 9) азаматтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу; 10) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; 11) мәдениет пен өнерді дамыту; 12) тарихи-мәдени мұраны қорғау; 13) Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту; 13-1) пробация қызметіне олардың есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде жәрдемдесу; 13-2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу								

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелерін осы есеппен бірге ұсыну қажет)
ҚР Қоғамдық даму министрлігі	«Туған жер» байқауы бойынша номинациялар санын көбейту; «Туған жерім – Қазақстаным» байқауы бойынша бесінші облыс ретінде Қарағанды облысын қосу;	№855-ші хатта көрсетілген

Ескерту: қорытынды бағдарламалық есеп бірнеше қосымшалардан тұруы тиіс. Осы есептің 2-тармағында сипатталған әрбір іс-шара немесе қызмет түрі барлық растайтын құжаттармен бірге жеке қосымшада көрсетілуі тиіс)

Қосымшаның нөмірі	Міндеттің атауы	Растайтын құжаттар
1 қосымша	«Туған жер» патриоттық шығармашылық байқауы	Шығармашылық жұмыстар мен хабарландырулар
2 қосымша	Қазақстан Халқы Ассамблеясы арқылы өзге ұлт өкілдері арасында «Туған жерім – Қазақстаным» атты поэзиялық байқау.	Скриншоттар мен суреттер
3 қосымша	Жастардың шығармашылығына арналған «Туған жер» патриоттық қорытынды шығармашылық республикалық фестиваль	Хабарландыру, суреттер

4 қосымша	«Туған жерге туыңды тік» атты дөңгелек үстел	Суреттер, қатысушылар тізімі
5 қосымша	Ақпараттық насихат жұмыстары.	Сілтемелер скриншоттар
6 қосымша	Медиалық жұмыстар.	Сілтемелер мен скриншоттар

Есептің жалпы беттер саны: 17

**«Адырна» ұлттық-этнографиялық
бірлестігінің президенті**

Толтырылған күні: 28.11.2019.



А.Әубәкір